

АБЫЛАЙ ХАН АТЫНДАҒЫ  
ҚАЗАҚ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАТЫНАСТАР  
ЖӘНЕ ӘЛЕМ ТІЛДЕРІ УНИВЕРСИТЕТІ  
Акционерлік қоғамы



Акционерное общество  
КАЗАХСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ  
МЕЖДУНАРОДНЫХ ОТНОШЕНИЙ  
И МИРОВЫХ ЯЗЫКОВ ИМЕНИ АБЫЛАЙ ХАНА

**KAZAKH ABLAI KHAN UNIVERSITY  
OF INTERNATIONAL RELATIONS AND  
WORLD LANGUAGES**

Joint Stock Company

050022, Алматы қ-сы, Мұратбаев к-сі, 200  
Тел.: +7 (727) 292 23 63  
E-mail: kazumo@ablaikhan.kz

050022, г. Алматы, ул. Мұратбаева, 200  
Тел.: +7 (727) 292 23 63  
E-mail: kazumo@ablaikhan.kz

**Құрметті «Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық  
қатынастар және әлем тілдері университеті» Акционерлік қоғамының  
студенттері және қызметкерлері!**

Қазақстанда қызылшамен ауыру жағдайлары санының өсуіне байланысты «Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті» АҚ (әрі қарай – Университет) білім алушылары және персоналдың қауіпсіздігі мен денсаулығын барынша қамтамасыз ету мақсатында Университет әкімшілігі тарапынан студенттер мен қызметкерлер арасында қызылша таралуына жол бермеу бойынша шектеу шаралары қолданылып жатыр.

Жұқпалы аурудың таралу ықтималдығын төмендету үшін Университет объектілерінде бетперде (маска) тағу режимін енгізу ұсынылды, Университет объектілерінің бөлме, аудиторияларында санитарлық өңдеу еселілігі күшейтілді.

Сондай-ақ, Қазақстан Республикасының санитарлық-эпидемиологиялық нормаларына сәйкес ұйымдық ұжымдарда қызылшамен ауыру (сырқаттану) жағдайлары тіркелген кезде онлайн оқыту нысанына ауысу көзделмеген.

Біз үшін әр студенттің және қызметкердің денсаулығы мен қауіпсіздігі маңызды болып табылады, білікті кадрлар дайындау мәселесі бойынша білім беру ұйымының негізгі міндеті - білім беру үдерісін жүргізудің жоспарлы форматын қамтамасыз ету, осыған байланысты, денсаулық сақтау саласындағы Қазақстан Республикасының нормативтік актілерімен ұсынылған шаралар Университет тарапынан қамтамасыз етілуде.

Қоғамдық және әлеуметтік желілерде Университет қабырғасында білім алушылар қызылшамен жаппай ауырғаны туралы ақпарат шындыққа сәйкес келмейтінін қосымша хабарлаймыз, бұл ақпарат деструктивті сипатта берілген; жеке алынған ЖЖОКБҰ шеңберінде эпидемиологиялық жағдай туралы дұрыс емес қоғамдық пікір қалыптастыру мақсатты көздейді.

Университетте білім алушылар контингенті арасында қызылшамен ауыру бірнеше жағдайлар айқындалды, барлық науқастарға талап етілетін тиісілі дәрігерлік көмек көрсетілді (ауруханаға жатқызумен қоса), қазіргі таңда науқастанған студенттердің жай-күйі тұрақты. Қызылша жұқпалы аурудың жаппай таралу фактілері Университет шеңберінде қазіргі уақытта тіркелмеген. Алматы қаласы бойынша эпидемиологиялық жағдай елеулі нашарлаған жағдайда және Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті органның тиісілі қаулысы қабылданған кезде Университет әкімшілігі тарапынан талап етілетін іс-шаралардың орындалуы қамтамасыз етіледі.

Қазіргі жағдай Университет басшысының бақылауында.

*Ізгі ниетпен,*

Басқарма Төрайымы – Ректор

С.Кунанбаева

00000250